

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

16 мамыр 2023 ж.

№4/1

Атырау қаласы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес кеңес отырысында:

Атырау облыстық мәслихатының 2022 жылғы 8 желтоқсандағы №209 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» облыстық Қаржы басқармасының басшысы М.Мұқасовтың және «Атырау облысының 2022 жылға арналған облыс бюджетінің орындалуы туралы» облыстық Экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы А.Ажғалиеваның хабарламалары тыңдалып, Қоғамдық кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді талқылап **Шешім қабылдады:**

1. Атырау облыстық Мәслихатының шешімінің жобасынан жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұсқан келтіретін немесе оларды шектейтін нормалар анықталған жоқ.

Талқылау барысында туындаған ұсыныстар мен пікірлерді талдап, тиісті шаралар алу үшін **Қарар қабылданды:**

2. Облыстық қаржы басқармасына (М.Мұқасов)

1) Қаржының игерілуі туралы 2019-2022 жылдарға динамикалық көрсеткішін жасауды;

2) Облыстық мәслихат шешімімен берілген тиісті бюджет қаражаты жұмыстарының уақытылы жасалуын бақылау үшін, әр ай сайын облыс әкімінің салаға жауапты орынбасарына бюджеттің игерілуі туралы ақпарат беріп отыруды;

3) Бюджет бағдарламаларын қамтамасыз ететін, бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің жауапкершілігін арттыру бойынша жүйелі жұмыстарды шұғыл қабылдау ұсынылады;

3. Облыстық Экономика және жоспарлау басқармасына

Атырау облысында денсаулық сақтау саласында кадр жетіспеушілігін ескере отырып, аудандарға баратын мамандарға 5 миллион тенге, қала үшін 3 миллион тенге қолдау қаржы бөлу қарастырылсын;

4. Кеңестің экономика және өңірлік даму мәселелері жөніндегі комиссиясы (Ж. Дүйсенғалиев)

1. Бюджет орындалысының 6 айлық қорытындысын комиссия отырысында тыңдасын.

2. Кеңесте қабылданған Қарармен басқармаларға жолданған бюджетке қатысты ұсыныстардың орындалуына 2023 жылдың маусымына дейінгі мерзімде талдау жасау тапсырылады.

Кеңес төрағасы



М.Ізбасов